

**"Астана қаласында коммуналдық қызметтерді көрсету қағидасын бекіту туралы"
Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 115-638 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 505-742 қаулысы.
Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 мамырда № 1268
болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17
қарашадағы № 509-3433 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 17.11.2022 № 509-3433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана қаласында коммуналдық қызметтерді көрсету қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 115-638 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90623 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 маусымдағы "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыда:

атауындағы, барлық мәтін бойынша "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласында коммуналдық қызметтерді көрсету қағидасында:

атауындағы, барлық мәтін бойынша "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Лифтіні пайдаланғаны үшін төлем "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленеді".

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі-нің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындауын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

А. Көлгінов